

Б.Ж. Паридинова^{1*}, М.Ө. Насимов¹, Ш.Б. Халикова²

¹Қызылорда «Болашақ» университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

НАРАЗЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ: МӘНІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ

Наразылық түрлерін зерттеу, мәні мен негізгі түсініктерін анықтау өзекті мәселе болып табылады. Наразылық тәжірибесі шешілмеген бірқатар әлеуметтік-экономикалық проблемалардың бар екенін, қоғаммен қарым-қатынаста биліктің жеткіліксіз тиімділігін көрсетеді. Қоғамның наразылық әлеуеті әлеуметтік-экономикалық мәселелер тұрғысында ғана емес, мынадай факторлардың негізінде қалыптасады: азаматтардың саяси белсенділігінің, түрлі этностар, діндер, идеологиялар өкілдерінің арасындағы қатынастардың, сыртқы ақпараттық ықпал етудің және т.б. деңгейі. Ақпаратты тарату үшін, азаматтардың саяси белсенділігін жүзеге асыру үшін құрал ретінде медианың рөлі артуда. Наразылықтың жаңа нысандарының пайда болуына байланысты, оларды зерделеу, олардың бағытын түсіну, ахуалдың дамуына байланысты ықтимал нұсқаларын болжау және теріс салдарын азайту тетіктерін әзірлеу маңызды болып табылады. Берілген мақалада саяси, әлеуметтік және мәдени наразылықтардың мәні мен негізгі түсініктеріне талдау жүргізіледі. Мақаланың негізгі мақсаты – саяси, әлеуметтік және мәдени наразылықтардың пайда болу себептерін зерттеу арқылы олардың ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Зерттеуде осы тақырып бойынша жиналған ғылыми мақалаларға әдеби шолу және тақырыптық талдау жүргізілді.

Түйін сөздер: наразылықтар, саяси наразылық, әлеуметтік наразылық, мәдени наразылық.

B.Zh. Paridinova^{1*}, M.O. Nassimov¹, Sh.B. Khalikova²

¹Kyzylorda University Bolashak, Kazakhstan, Kyzylorda

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

Types of protest: essence and basic concepts

Studying the types of protest, defining the essence and basic concepts is an urgent problem. The experience of protests demonstrates the presence of a number of unsolved socio-economic problems, insufficient effectiveness of the authorities in communication with society. The protest potential of society lies not only in the plane of socio-economic issues, but is formed on the basis of such factors: the level of political activity of citizens, relations between representatives of various ethnic groups, religions, ideologies, external information influence, etc. The role of the media is growing, both as tools for the dissemination of information and for the implementation of the political activity of citizens. New forms of protest are emerging, the study of which is important for understanding their direction, predicting possible options for the development of the situation and developing mechanisms to reduce negative consequences. This article reveals the essence and basic concepts of political, social and cultural protests. The main purpose of the article is to determine the characteristics of political, social and cultural protests by studying the reasons for their occurrence. The study conducted a literature review and a thematic analysis of data from scientific articles collected on the topic.

Key words: protests, political protest, social protest, cultural protest.

Б.Ж. Паридинова^{1*}, М.Ө. Насимов¹, Ш.Б. Халикова²

¹Қызылординский университет «Болашақ», Қазақстан, г. Қызылорда

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

Виды протеста: сущность и основные понятия

Изучение видов протеста, определение сущности и основных понятий является актуальной проблемой. Опыт протестов демонстрирует наличие ряда нерешенных социально-экономических проблем, недостаточную эффективность власти в коммуникации с обществом. Протестный потенциал общества лежит в плоскости социально-экономических вопросов и формируется

на основе следующих факторов: уровень политической активности граждан, отношения между представителями различных этносов, религий, идеологий, внешнего информационного воздействия и т.д. Возрастает роль медиа как инструмента для распространения информации, так и для реализации политической активности граждан. Появляются новые формы протеста, изучение которых является важным для понимания их направленности, прогнозирования возможных вариантов развития ситуации и разработки механизмов снижения негативных последствий. В данной статье раскрывается сущность и основные понятия политических, социальных и культурных протестов. Основная цель статьи – определить особенности политических, социальных и культурных протестов путем изучения причин их возникновения. В исследовании был проведен обзор литературы и тематический анализ данных научных статей собранных по представленной теме.

Ключевые слова: протесты, политический протест, социальный протест, культурный протест.

Кіріспе

Наразылықтар қазіргі саяси конфликтінің кең таралған көріністерінің бірі және «Араб көктемінің» басталуын білдіретін демонстрациялар толқыны наразылық белсенділіктің жаһандық өсуіне ықпал етті (Liu, Modrek and Sieverding, 2019). Наразылықтар халықтың болашаққа қатысты көзқарастарындағы белгісіздікті күшейтеді. Тіпті неғұрлым орташа саяси конфликтінің өзі жағымсыз салдар әкелуі әбден мүмкін.

Елді демократияландыру жағдайында бұқаралық наразылықтарды ұйымдастыру тәсілі режимді ауыстырудағы тиімді шара деп түсінілуі мүмкін (Grigoryan, 2019). Ақпаратқа кеңейтілген түрдегі қолжетімділік наразылықтарға төрт қосымша себеп-салдарлық байланыс арқылы оң әсер етеді деген болжам бар: (1) оппозициялық қозғалыстар үшін байланыс шығындарын азайту; (2) қарым-қатынастың өзгеруін арандату; (3) әлеуетті наразылық білдірушілерге ақпараттық белгісіздіктің төмендеуі; 4) драмалық бейнелер мен суреттемелерді таратудың жұмылдыру әсері (Ruijgrok, 2017).

Бұқаралық наразылықтардың түрлі себептері болуы мүмкін: қоғамдық қауіпсіздік; жұмыстан шығару; түрлі сала өкілдерінің жеке өзіндік мәселелері; дінаралық; ұлттық деңгейдегі түрлі мәселелер; түрлі заңға қайшы әрекеттер және т.б. (Tong, 2018a; Tong, 2018b). Жалпы кез келген наразылық қаупі Үкіметтің есеп беруін арттыруға бағытталған (Melese, 2020). Бұқаралық наразылықтарды билік қатынастарының ерекше моделінің басымдығына реакция ретінде қарастыруға болады (Oleinik, 2013). Сонымен қатар, кез келген наразылық қоғамның кемелденгенінің белгісі болуы мүмкін (Arian, 2014).

Наразылық әдетте қоғамдық жағдайды қолдау немесе оған қарсы тұру реакциясын білдіреді. Билік пен саяси режимнің көзқарасына

сәйкес наразылықтар санкцияланған және санкцияланбаған болып бөлінеді. Кез келген наразылық түрі төңкеріске айналу ықтималдығы бар. Ғалымдар наразылықтарды көбінесе 3 түрге бөледі: саяси наразылық; әлеуметтік наразылық; мәдени наразылық. Осы зерттеу жұмысында біз наразылықтардың табиғатын, мәні және негізгі түсініктерін айқындау үшін әр түріне жеке тоқталамыз.

Материалдар және әдістер

Зерттеу жұмысында саяси, әлеуметтік және мәдени наразылық мәселелеріне қатысты шетелдік ғалымдардың жұмыстарында алынған нәтижелер қолданылды. Талдау барысында зерттеу авторларының пікірлері мен тұжырымдамаларын қолдана отырып, зерттеулерде мәселе бойынша айқындалған ойларды сипаттайтын көзқарастарға ерекше назар аударылды. Сараптамалық жұмыстың ерекше түрі ретінде саналатын әдеби шолудың мақсатына авторлардың наразылықтар бойынша ғылыми тұжырымдамалар нәтижелерін жинақтау, олардың қатынастарын анықтау және деректерді жүйелеу ұмтылысы жатады. Мәселені зерттеу барысында салыстырмалы, тарихи, құрылымдық-функционалды және институционалды тәсілдердің әдістері маңызды орын алады.

Нәтижелері және талқылама

Саяси наразылық

Саяси наразылық мемлекеттік билік өкілдеріне бағытталады. Оның мақсатына көп жағдайда саяси ахуалды, саяси бағыт пен тіпті режимді өзгерту сұраныстары жатады. Дж. Дженкинс пен Б. Кландерманс (Jenkins and Klandermans, 1995) саяси наразылықты «өкілдік және/немесе атқарушы билік жүйелерін, жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты немесе

азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара қатынастарды өзгертуге бағытталған ұжымдық іс-қимыл немесе ұжымдық әрекет жүйесі» деп анықтайды. Наразылық акциясына қатысушылар саны көп болған сайын оның саясиландыру дәрежесі соғұрлым жоғары болады (Gavrilov and Makarenko, 2020). Кез келген наразылыққа қатысу саяси белсенділіктің белгісі болып табылады (Piechota et al., 2020). Субъективтік әл-ауқаттың саяси өмірге қатысуға ықпалын анықтаған жөн деп ойлаймыз. Субъективтік әл-ауқат саяси белсенділікке жағымды әсері болғанымен, оның салдарының себептерін айқындау әлі де дискуссиялық мәселе. Ішкі әсерлерді бағалай келе, субъективтік әл-ауқат наразылық ниетін төмендетеді және оның саяси қатысуға ықпалы мардымсыз. Субъективтік әл-ауқат пен наразылықтың өзара ықпалына қарамастан, оның наразылықтарға әсері жоғары (Lindholm, 2020).

Тарих көрсетіп отырғандай, университеттер саяси наразылықтың ошағы болып табылады. Дегенмен, бұл мәселенің тұтастығы мен себептік сипаты ешқашан сандық тұрғыдан зерттелмеген. 1991-2016 жылдар аралығындағы Африка мен Орталық Американың 62 елінің субұлттық деңгейде университеттердің орналасқан жері мен сипаттамалары туралы геокодталған ақпараттарға сүйене отырып жасалған зерттеуде жоғары оқу орындарының саяси наразылық тудыруы мәселесі талданды. Талдау нәтижесі көрсеткендей, жоғары оқу орындары наразылықты арттырады. Университеттердің наразылыққа әсерін бағалау үшін субұлттық ұяшықтардағы университеттердің уақытша вариацияларын қолдана отырып, ықпалдың айырмашылықтар құрылымын қолданады. Талдау қорытындысы бойынша университеттер саны артып келе жатқан аймақтарда наразылық көп. Университеттерге қатысы бар наразылықтардың табиғатын сипаттау барысында наразылық диктатура шарттарында орын алатындығы және мәселенің түбі демократия мен адам құқықтарында жатқандығы белгілі болып отыр. Бұл нәтижелер университеттердің ұжымдық әрекет жасаудағы қозғаушы күш рөлін көрсетіп отыр (Dahlum and Wig, 2021).

Бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілетін бейнелер саяси ақпаратты қабылдау және өңдеуді жеңілдеткенімен, оның наразылықтарға қатысуға итермелейтін мінез-құлықтық ықпалын анықтау өзекті болып табылады. Осы мақсатта наразылық туралы кездейсоқ төрт жаңалық көрсетіліп, оның визуалды назарын бақылауға

арналған экспериментке 143 адам қатысты. Көпдеңгейлі регрессиялар көрсетіп отырғандай, көрермендер жаңалық мәтіндері оқылғанға дейін наразылық бейнесюжеттеріне мән береді. Теріс валентті наразылық бейнелерінің ықпалы бұл көріністерді бақылау ұзақтығын арттырып, азаматтардың қатысуға дайындығын арттырады. Керісінше, жағымды көріністегі наразылық бейнелерін қарау барысында қатысу ниеті артпайды. Бейненің валенттілігіне қарамастан, көрермендер мәселеге субъективті түрде мән берген жағдайда, олардың наразылық білдіруге дайындығы соғұрлым жоғары болады. Талдауда көрсетілгендей, бейнелерді бақылау ұзақтығы өзара әрекеттесуге дайындық әсерін саяси қызығушылықтың деңгейаралық өзара байланыстарының салдарын көрсетеді: егер адам саяси қызығушылық танытса, бейнелерді бақылаудың наразылыққа дайындықтың оң әсерін күшейтеді. Бұл нәтижелер бұқаралық ақпарат құралдарындағы бейнелердің азаматтардың наразылықтарға итермелейтін саяси контенттің тиімді тасымалдаушысы болып табылатындығын көрсетеді (Geise, Panke and Heck, 2021).

Ұжымдық жұмылдырудың табиғаты Web 2.0, Twitter, Facebook, YouTube және Instagram сияқты бірлескен платформалардың пайда болуымен күрт өзгерді. Мәселен, Twitter көпшілікке қолжетімді микроблог қызметі саяси, әлеуметтік және мәдени наразылықтың немесе ұжымдық жұмылдырудың көптеген түрлерін ақпараттандыруға, талқылауға, жариялауға және таратуға көмектеседі (Gualda, 2017: 67-77). Бірқатар аналитикалық модельдердің нәтижелері көрсеткендей, интернет пен ұялы телефондарды жоғары деңгейде пайдалану соңғы жылдары күрт өскен саяси наразылықтар мен саяси жазалау жағдайларының көптігімен байланысты (Christensen and Groshek, 2020). Интернеттегі мемдерді саяси наразылық белгісі ретінде қарастыруға болады. Атап айтқанда, мемдердің саяси өнімділігі олардың екіжақты мәртебесінен туындайды және оларды мына түсініктер бойынша бағалауға болады: біріншіден, мемдер саяси артефакт болып табылады; екіншіден, мемдерді эзіл-оспақ артефактілері ретінде қарастыруға болады (Soh, 2020). Сондықтан интернеттегі мемдерді желі қолданушыларының елдегі және әлемдегі саяси ахуалға реакциясы ретінде қарастырамыз. Аталмыш мемдер мынадай түрлі қызметтер атқаруы ықтимал: саяси пікірін білдіру; келемеждеу; желі қолданушылардың назарын аудару; саясаткерлер беделін түсіру, оларға сенімін жою; үгіт-насихат; саяси рейтинг көтеру

және т.б. Мұның барлығы саяси наразылық білдірумен байланысты деп ойлаймыз.

Демократияландыру процесіндегі саяси наразылықтың рөлін эмпирикалық бағалау маңызды. Бұл тұста демократияландыру процесіндегі наразылықтарды бейбіт шешу немесе зорлық-зомбылықты қолданудың рөлін айқындау қажет. Аталмыш процесті азаматтар мен демократияға қатысты элиталық артықшылықтарды елдің нақты кезеңіне байланысты өзгеруіне мүмкіндік беретін кезеңдер тізбегі ретінде түсіндірген жөн. 1971 жылдан 2010 жылға дейінгі 171 елдің үлгісінде демократияландыруға байланысты наразылықтың барлық кезеңдерін талдай келе, азаматтардың бейбіт демонстрациялары маңызды екендігіне дәлелдер келтіріледі. Керісінше, зорлық-зомбылық қолданылған наразылықтардың әртүрлі салдары бар, өйткені ол демократиялық бірігу қаупі есебінен бастапқы демократиялық қайта құруларға ықпал етеді. Сондай-ақ, экономикалық және институционалдық бақылау үшін жағдай жасалғаннан кейін уақыт өте келе өзгеріп отыратын бақыланбайтын әртектіліктің дәлелі пайда болады. Демек, демократияландыру процесі саяси фазалардың реттілігі бойынша модельденеді. Бейбіт наразылық демократияның барлық өтпелі кезеңдерінде маңыздылық иеленіп, зорлық-зомбылық наразылықтары бұл процеске түрлі зардаптар әкеледі (Marino, Donni, Bavetta and Cellini, 2020).

Ұжымдық әрекет ретінде жүзеге асатын жергілікті саяси наразылық ынталандыру негізіндегі жеке ресурстар мен желілік ресурстар арасындағы байланыс бар деуімізге болады. Егер азаматтарда саяси салаға қатысты құзыреттер, олардың саяси әлеуметтенуіндегі (жеке ресурстар) және бірнеше саяси ресурстарға қолжетімділікті бақылау мен билікке ие болған жағдайда саяси наразылық акцияларына қатысады. Талдау көрсеткендей барлық ресурстар жергілікті наразылыққа ықпал етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік ресурстардың әсері желілік байланыстардың түріне қарай ажыратуға болады (Petermann, 2020). Сондықтан әлеуметтік ресурстар қоғам мүшелерінің әлеуметтік рөлдерінің модельдерін кеңейтуге бағытталып, қоғамдық ынтымақтастық пен әлеуметтік бірлікті қамтамасыз ететін қолдауды жүзеге асырады. Бүгінгі таңда маңызды әлеуметтік ресурстарға отбасы, өзара көмек беретін топтар, коммерциялық емес және қайырымдылық ұйымдар, дін орындары жатады.

А. Минчения (Minchenia, 2020) өз зерттеуінде кәсіби наразылық білдірушілер тобына назар аудара отырып, беларуссиялық наразылық қауымдастықтарындағы келіспеушіліктерді талдайды. Автордың пайымдауынша, Беларуссияда бұл топ демократияны алға жылжыту жөніндегі халықаралық құрылымдар мен президент Александр Лукашенконың саясатына қарсы саяси жұмылдырудың ішкі әрекеттері арасында шешуші орын алады. Зерттеуде Беларуссияның наразылық қауымдастықтарындағы әлеуметтік және саяси өзгерістер үшін неолибералды тиімділіктің салдары көрсетілген. Автордың пікірінше, кәсіби наразылық білдірушілер алған қаржылық көмек, оппозиция жетекшілерінің демократиялық емес көшбасшылық стилі Беларуссияның наразылық алаңын күдіктер мен айыптаулармен толтырады, шешім қабылдауға қатысудың иерархиялық және қатыстырмау тәсілін біріктіреді және белсенділерді наразылық саясатына қатыспауға итермелейді. Сондықтан кәсіби беларуссиялық наразылық білдірушілердің іс-әрекеттерін белгілейтін контекст күрделі. Біріншіден, Беларуссиядағы шағын және шашыраңқы оппозициялық қауымдастықтар іс жүзінде өз белсенділері мен жақтастарына уәде еткен өзгерістерді жүзеге асыра алмайды. Екіншіден, қазіргі қоғамға тән саясатсыздандыру деп аталатын құбылыс саясатқа «лас іс» ретінде жалпы сенімсіздік тудырады.

Талданған көзқарастардан көрініп тұрғандай, саяси наразылық азаматтардың саяси қатысуының ұжымдық түрін білдіреді. Саяси наразылық көп қырлы әлеуметтік-саяси құбылыс болғандықтан оның түрлі формалар иеленуі заңды деп ойлаймыз. Саяси наразылық әлеуметтік көңілі толмаушылықты белсенді және жария түрде білдіру ғана емес, іс жүзіндегі саяси жүйе мен оның құрамдастарына пассивті түрде қарау жағдайларын да айта аламыз.

Әлеуметтік наразылық

Әлеуметтік наразылық іс жүзіндегі әлеуметтік институттар және оның құрылымдарының азаматтардың құндылықтары мен нормаларына сәйкес келмейтінін білдіретін жеке және ұжымдық әрекет болып табылады. Экономика, саясат, мәдениет, ақпараттық технологиялар салаларындағы жаһандану әлеуметтік өзара қатынастардың, игіліктердің бөліну сипатына ықпал жасады. Жалпы қоғам мүшелерінің мінез-құлқы темперамент, қызбалық, ақыл-парасаттылық, жалпы мәдениет сынды әлеуметтік-психологиялық сипаттар-

мен байланысты. Бұл өз кезегінде әлеуметтік наразылықтың бастамашысы болуы мүмкін.

Азаматтар жинақтаған деректерді әлеуметтік наразылықтың түрі ретінде қарастыруға болады (Suman, Schade and Abe, 2020). Дегенмен, кез келген мәселелер бойынша деректерді алуда кәсіби емес азаматтардың рөлін де анықтау қажет. Өйткені кәсіби маман деректерді жинау барысында алынған мәліметтерді ғылыми тұрғыдан дәйектейтін болса, кәсіби емес азамат тексеру мәселесіне мән бере қоймайды. Әлеуметтік наразылықтың бейресми экономикамен де өзара байланысы бар. Бұл байланыстарды наразылық білдіруші таптың негізгі құндылықтары және әлеуметтік мазасыздыққа бой берген тұрғындардың ақпаратқа қолжетімділік деңгейі арқылы байқауға болады. Азаматтардың негізгі құндылықтары адамның әлеуметтік наразылықтарға қатысуына ықпал жасайды. Бейресми экономиканың өсу қарқыны ар-намыс пен құндылықтарға негізделген ықтимал алаңдаушылықтың көрсеткіші болып табылады (Plikova and Svirina, 2020).

Интернеттегі әлеуметтік наразылық стратегияларының мәселелерін де қарастырған жөн. Мәселен, В.В. Титов (Titov, 2020) Y және Z ұрпақтарының наразылық мінез-құлқы мен түрлі стратегияларын жүйелі түрде зерттейді. Мәселені үш өлшемде қарауға болады: (1) наразылық мінез-құлқтың когнитивті себептерінің мотивациялық құрамдасы; (2) әлеуметтік желілердегі жастар наразылығының психоэмоционалдық репрезентациялары; (3) желідегі наразылық мінез-құлқтың ерекше түрлері. Зерттеу жұмысында көрсетілгендей, Ресей жастары арасындағы әлеуметтік наразылықтың негізгі ынталандырушы факторларына болашақтың жағымды бейнесінің болмауы, қолданыстағы әлеуметтік тәртіптегі әділетсіздік сезімі, мемлекеттік институтты жемқор және тиімсіз деп қабылдау жатады. Әлеуметтік наразылық қалыптасуының алғашқы кезеңіндегі бес негізгі стратегиясы анықталды: (1) құрылымданбағандық, (2) терминалды атрибуттылық (анықтау), (3) көңілі қалу, (4) саяси тұрғыдан оқталған (зарядталған) және (5) жергілікті бағытталған. Терминалды атрибуттық стратегия Z ұрпағына тән; фрустрация стратегиясы Z ұрпағына тән; фрустрация және жергілікті бағытталған стратегиялар Y ұрпағымен танымал. Автордың пайымдауынша, «Виртуалды» наразылық жағдайында Y және Z ұрпақтары саяси тұрғыдан оқталған және құрылымданбаған стратегияларды ұстанады.

Қазіргі таңда онлайн-қолданушылар әлеуметтік желіні адамдарға немесе топтарға қате түсінік пен өшпенділікті тудыру үшін пайдаланады деген алаңдаушылық артып келеді. Интернеттегі соқыр наным мен өшпенділік тілін анықтаудың автоматтандырылған әдістерін әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізіліп жатқанына қарамастан, желідегі теріс қылықтарға тиімді қарсы тұру туралы әлеуметтік мәселесі сақталып отыр. Бір жағынан қарағанда Интернеттегі әлеуметтік наразылықтар көбінесе алалаушылық, жалған сенімге қарсы құрал ретінде қолданылатын секілді (Wei, Lin and Yan, 2020). Сондықтан интернеттегі наразылықтар мен теріс пікірлер арасындағы байланысты зерттеу қажеттілігі байқалып отыр.

Жалпы әлеуметтік наразылықтардың түрлі себептері болуы мүмкін. Мәселен, Африкадағы табиғи ресурстарды инвестициялау жергілікті халықтың құқықтарын бұзумен аяқталып, бұл елеулі әлеуметтік наразылықтар мен саяси тұрақсыздыққа, даму жолындағы шектеулерге әкелуі мүмкін (Buur et al., 2020). Коста-Рикадағы 2019 жыл бюджетті қатаң түрде үнемдеу және экономикадағы оптимизмге қатысты әлеуметтік наразылықтарға толы жыл болды (Muñoz-Portillo, 2020). Кедейлік әлеуметтік-экономикалық қабілетсіздікке әкеліп, әлеуметтік белсенділікті туындатады (Tournadre, 2020). 2019 жылдың 18 қазанында Чили астанасы Сантьягода бірнеше апта бойы метродағы жол жүру ақысының көтерілуіне халық наразылық білдіріп, қалалық қоғамдық көлік желісінің кейбір станцияларын басып алды. Сол түні оқиғалардың күтпеген эскалациясы орын алып, елдің басқа аймақтарына таралды және саяси ландшафтты түбегейлі өзгерткен әлеуметтік дағдарыстың басталуын көрсетті (Gonzalez and Morán, 2020). Демек, жоғарыда көрсетілген табиғи ресурстарды инвестициялау, бюджетті қатаң түрде үнемдеу, кедейлік, метродағы жол жүру ақысының көтерілуі – бұл тек себеп.

Кез келген әлеуметтік наразылықтың алғышарттары тереңде жатыр. Э. Де Уайлд пен Д. Лестер (De Wilde and Lester, 2002) зерттеу жұмысында Нидерландыдағы 1975 жылдан 1989 жылға дейінгі кезеңдегі әлеуметтік наразылықтардың саны туралы мәліметтер алынады. Авторлардың пікірінше, әлеуметтік наразылықтардың саны өзін-өзі өлтіру деңгейі және басқа да әлеуметтік құбылмалылықпен байланысты болды. Жұмыссыздық деңгейіне байланысты ахуал осы кезеңдегі өзін-өзі өлті-

рудің неғұрлым қуатты бастамашысы еді. Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашарлық индексі де наразылықтың себебі болуы мүмкін. Колумбияның Буэнавентура қаласындағы азаматтық ереуіл (16 мамыр – 6 маусым, 2017 ж.) келіссөздер үлгісі мен диалог сценарийлері үшін маңызды оқиға деп мысал ретінде келтіре аламыз. Наразылықты басынан қолдағандар үшін 2019 жылдың қазан айындағы сайлау оң нәтиже берді (Marín, Pardo and Camacho, 2020). Сондықтан туындаған әлеуметтік наразылықтарды саяси биліктің трансформациялануына әкелді деуімізге болады.

Әлеуметтік наразылық мәселесін қарастыруда тарихи шолуларға да мән бергенді жөн санадық. Д. Ангелис-Димакис (Angelis-Dimakis, 2020) жұмысында ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы грек ауылдарындағы жер қатынастарын қалыптастыру мен әлеуметтік наразылық арасындағы байланыстар зерттеледі. Ғалым Осман империясының территорияларын аннексиялау процесі, Метаксас диктатурасы кезіндегі ахуалдарды талдайды. Сонымен қатар, 1923 жылғы жер реформасын да назардан шығармады. Осы тұрғыда автор 1923 жылға дейінгі және одан кейінгі әлеуметтік сипаты бар аграрлық наразылықтың эволюциясын зерттеуге тырысады. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, шаруалардың бұрыннан келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыру, жер иелеріне өз жерлерін беруге байланысты кез келген мәселе әлеуметтік шиеленісті тудырмайды.

Г. Хитман (Hitman, 2020) өз зерттеуінде әлеуметтік наразылық қозғалысының жалпы анықтамасын соңғы жылдары әлемнің түрлі аймақтарында байқалған кең ауқымды халықтық наразылықтардан кейін қайта қаралуы керектігін ескертеді. Автордың пайымдауынша, әлеуметтік наразылық қозғалыстарын жұмысшылар кәсіподақтары, азаматтық қоғам және оппозициялық қозғалыстар сияқты үкіметтік емес субъектілерге ғана тән құбылыс ретінде дәстүрлі қабылдау жетілмеген. Бұл түсінік ресми мекемеге қатысы жоқ акторларға назар аударғанымен, айқындалған мәселе наразылық білдірушілердің, соның ішінде қарулы күштер және басқа да қауіпсіздік органдары сияқты ресми топтардың мінез-құлқы мен белсенділік модельдеріне назар аударылуы керек. Зерттеудегі Египет, Буркина-Фасо және Боливиядан алынған мысалдар қауіпсіздік күштері режимге қарсы демонстрациялардың өтуі немесе халық көтерілісіне қосылғанына қарамастан,

әлеуметтік наразылық қозғалысының өлшемдеріне сәйкес келеді деп болжайды.

Әлеуметтік наразылықтан құндылықтар, мүдделер, қажеттіліктерге өзгерістерді талап етілетіндегі көрініп тұр. Кез келген наразылық түрі секілді оның нақты мақсаты мен міндеттері болады. Шын мәнінде, әлеуметтік наразылықта түрлі әлеуметтік топтардың, таптардың, қауымдастықтардың әлеуметтік жағдайларына шағым білдіреді. Қоғамның әлеуметтік өмірінде мұндай мәселелер жиі кездесетіндіктен, наразылықтың бұл түрі кеңінен таралған.

Мәдени наразылық

Наразылықты мәдени тұрғыдан саясиландыру кез келген мәдени мәселені саяси шешудің реакциясы деуімізге болады. Кез келген субмәдениет басым көпшіліктен мінез-құлқымен ерекшеленетін қоғам мәдениетінің бөлігі ретінде көрініс табатындықтан наразылық белгісі деп пайымдауға да болатын секілді. Мәдени наразылық кез келген рухани ерекшеліктерді біріктіретін және байланыстыратын негіз де болуы мүмкін. М. Райан (Ryan, 2019) өз еңбегінде адам денесінің физикалық және ауыспалы белгілері дау-дамай, саясат және мәдени наразылық ошағы ретінде қарастыруы орынды деп ойлаймыз.

Әлеуметтік белсенділік, эстетика және мәдени наразылық мәселесін қарастырған К. Гашорн (Goshorn, 1993) мәдени құндылықтарға қарсы әлеуметтік құндылықтар, келіспеушіліктер табиғаты, мәдени саясат пен өнер теориялары, өнер мен ойын-сауық, драмалық өнер секілді түсініктерге мән береді. Автор Голливуд фильмдеріне қарсы наразылықтар, теледидар контентіне ықпал жасау мақсатындағы лобби, мемлекет қаржыландыратын өнерге қарсы ұйымдастырылған науқандар, рэп пен хэви-метал лирикасын басудың заңнамалық шаралары соңғы жылдардағы мәдени соғыстардың көрсеткіші деп ойлайды. Қоғамдық имиджді бақылауға арналған осы күш-жігердің кейбірі діни фундаментализм мен саяси құқықтардың жандануына байланысты бұл әрекеттерді кейбір сыншылар эмоционалдылық пен саяси оппортунизмді басшылыққа алады деп санайды.

Ашық қозғалыстағы ұжымдық бірегейлікті қарастырған Р. Хенфлер (Haenfler, 2004) диффузиялық қозғалыстар айнымастықты ынталандыратындығын, жеке қатысуды көтермелейтіндігін және мәдени өзгерістерге ықпал ететіндігін дәйектейді. Дегенмен, осы зерттеуде әлеуметтік қозғалыстардың ұйымдас-

тырушылық тұжырымдамалары мәдени наразылықтың маңызды бағыттарын қамти алмайтындығы көрсетілген. С. Маседодың (Macedo, 2012) пікірінше, феминистік және мәдени наразылықтардың өсуі саяси либерализмнің алуандыққа мән бермейтінін, жыныстық, діни және мәдени азшылықтарды маргиналдандырудағы бейтараптығын сынға алады. Ғалым «Айырмашылық саясатын» (politics of difference) дұшпандық алуандық, либерализм түрлерінің заңды демократиялық баламасы ретінде қарастырады. Стивен Маседо саяси либерализм жақсылық пен өмір салты туралы көптеген түсініктерді құрметтейтінін, бірақ плюрализмді өзінің топтық сәйкестігін сақтау үшін қабылдамайтын, талаптары мен практикасы азаматтық тәрбиеге кедергі туғызатын және төзімділікке нұқсан келтіретін азшылықтарға бейімделе алмайтындығын көрсетуге тырысады.

Ю. Ильчук (Ishuk, 2017) өнер мен әдебиетті мәдени наразылық түрі ретінде пайдалануға болатындығын баяндайды. Автордың пікірінше, саясат, өнер және белсенділік арасындағы өзара байланыстар шығармашылық адамдарының дауысы мен көзқарастарын көрсете алады және азаматтық қоғамның бірігуіне ықпал жасайды. Ағылшын ойшылы Уильям Моррис (1834-1896) өз романтизмінде өткеннің белгілі бір құндылықтары үшін қазіргі индустриалды капиталистік өркениетке қарсы мәдени наразылық ретінде көрсетеді (Löwy, 2013). Демек, қоғамдағы жаңашылдыққа қарсылықта да мәдени наразылықтың белгілері бар.

Қарсылық өнерін (art of resistance) қарастырған А. Фиддлердің (Fiddler, 2018) пікірінше, кез келген билік шешімі тек көшедегі наразылықтар арқылы ғана емес, романдар, пьесалар, фильмдер және музыкада да білдіруге болатын жаппай наразылық қозғалысына шабыт берді. Осы мәдени өнімдерді мұқият оқып шығу арқылы «қарсылық өнерінің» эстетикалық стильдері мен стратегияларын таба аламыз. Р. Свонның (Swan, 2018) пайымдауынша, Жан Фотриеннің «Orénoque» туындысы мәдени наразылықтың белгісі болып табылады. Автор басты дене мен кесілген бас бейнеленген өнер туындысы неміс оккупациясы кезіндегі Франциядағы соғыс қатыгездігіне қарсы наразылықтың белгісі деп ойлайды. Назарбаев университетінің ғалымы Г. Макгуайр (McGuire, 2018) өз зерттеуінде М. Әуезовтің алғашқы ғылыми еңбектерінде Абай қазақ жазба әдебиетінің пайда болуындағы трансформациялық тұлға ретінде көрсеткендігін

айтады. М. Әуезов романда Абайды тек әдеби жаңашыл тұлға ғана емес, сонымен бірге саяси реформист ретінде танытқандығын баяндайды. Автордың пайымдауынша, М. Әуезов «Абай жолы» арқылы қазақ халқының әдебиеті кеңестік әлемді өз шағымдары мен тілектерін әлеуметтік сын рухымен шабыттандыру арқылы дәлелдеген.

Д.Х. Мутибваның (Mutibwa, 2019) еңбегінде заманауи журналистік (деректі) кино, өнер мен мәдениет қайраткерлерінің ішінара немесе толықтай радикалды ойларының тарихы мен көлемі жан-жақты талданады. Автор мәселеге қатысты төмендегідей тақырыптық зерттеулер жүргізеді: негізгі теориялық парадигмалар; наразылық мәдениеті және нормативтік контекстер; наразылық мәдениеттеріндегі медиа және мәдени жобаларға этнографиялық көзқарастар; журналистика императивтерінің өзгеруі, наразылық мәдениеттеріндегі жаңалықтар өндірісі; наразылық мәдениеттерінде деректі фильмдер түсіруге қойылатын талаптарды өзгерту; наразылық мәдениеттеріндегі өнердегі императивтер мен мәдени бағдарламалардың өзгеруі.

Г. Мартинның (Martin, 2015) «Understanding social movements» атты еңбегінде әлеуметтік қозғалыстарды түсінудің жаңа тәсілі ұсынылған. Зерттеу жұмысы әлеуметтік және мәдени наразылық, даулы саясаттың жаңа пәнаралық көзқарастарын қамтамасыз етеді. Ресурстарды жұмылдыру теориясының негізгі идеялары, саяси процестің модельдері және әлеуметтік қозғалыстың жаңа тәсілдері қарастырылады. Әлеуметтік наразылықтағы мәдениеттің рөлі туралы кең түсініктеме беріліп, діни қозғалыстар, география және кеңестік, БАҚ және қозғалыс, жаһандық белсенділікке байланысты мәселелер айқындалады. К.А. Галустов (Galustov, 2016) экологиялық және эколо-мәдени наразылық шиеленіс шараларына қатысушылар арасындағы конфликтілерді шешудің ықтимал ахуалдарына айналуы мүмкін қалалық кеңестікті ерекше құрылымдық пайдалануды қалыптастыратынын анықтады. Демек, әр қаланың жеке кеңестігін пайдалануға наразылық білдіру арқылы өзгертуге болады. Сондықтан қала аумағын экологиялық тұрғыдан тазалығын қамтамасыз ету үшін мәдени наразылықтар арқылы жергілікті билікке тәжірибелік ұсыныстар беруге болады.

Мәдени наразылық қоғам мүшелеріне киім, сыртқы көрініс, сөйлейтін тілі сияқты сипаттармен белгіленбейді. Кез келген наразылықты мәдени тұрғыдан сипаттаумен қатар, өзара

сенімдер берілген әлеуметтік өзара байланыстар да жүріп отырады. Біз мәдени наразылықты көбінесе өнер туындыларынан жанама түрде көре аламыз.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, наразылықтардың сипаттамалық белгілерін, олардың себептерін және наразылық мінез-құлықты айқындаудың бірнеше әдістері бар. Кейде жоғарыда аталған наразылықтар түрлерін бір-бірінен ажырату да қиынға соғады. Дегенмен, кез келген наразылықтың астарында әлеуметтік мәселелер бар. Атап өтер болсақ, қоғам күткен ахуал және оның нақты жағдаймен сәйкессіздігі, әлеуметтік қанағаттанбаушылық, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінің болмауы, экономикалық жағымсыздық.

Саяси теориямен тәжірибеде саяси наразылық конвенционалдық және бейконвенционалдық түрде көрінетіндігі белгілі. Сондай-ақ, саяси наразылық митингілер, пикеттер және т.б. шаралар ұйымдастырылған белсенді түрде жүргізілуімен қатар, абсентеизм секілді саяси мінез-құлықтың пассивті түрлерін иеленуі мүмкін. Саяси наразылықтың негізгі белгілеріне топтың белсенділік деңгейі, жариялылық және қоғамдағы құндылықтар шеңберін мойындау емес, саяси институттар, мемлекеттік билік пен саясаттың құрамдастарына қатысты теріс көзқарастардың болуы деп түсінуіміз қажет.

Әлеуметтік наразылық әлеуметтік өмірдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани және мәдени салаларын қамтиды. Әлеуметтік наразылықтарға қоғамның әлеуметтік ерекшеліктері, табыс деңгейіндегі айырмашылықтар, биліктің қоғаммен сана-спауы, әлеуметтік мәртебе сынды басқа да қоғамдық қатынастардың жетілмеген тұстары ықпал етеді. Әлеуметтік қайшылықтар адамдардың өмірдің түрлі салаларында бар мүмкіндіктерді пайдаланудағы теңсіздік құбылысымен де байланыстыруға болады.

Әлеуметтік наразылықтар азаматтардың жеке әлеуметтік мәселелерін ұғынуы, мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігі сынды әлеуметтік-психологиялық ахуалымен жүзеге асады. Жеке адамдар мен топтардың талаптары шиеленістер мен әлеуметтік наразылықтардың қуатты көзі деуімізге негіз бар. Сондықтан әлеуметтік наразылықтар көбінесе әлеуметтік теңсіздік пен қоғамдағы өткір мәселелермен күресуге бағытталатындығын байқаймыз.

Мәдени наразылық қоғамның тек мәдени өміріндегі оқиғамен келіспейтінін ғана білдірмейді. Ол наразылықты шығармашылық тұрғыдан жасырын түрде білдірудің тәсілі болуы мүмкін. Шынында мәдени наразылықтың әлеуметтік және саяси болмысының сипаты мен өзара байланыстарының сапасы өзгеріп отырады. Бір жағынан қарағанда мәдени наразылық өнер өкілдерінің пікірі деп қарастырсақ, екінші жағынан наразылық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізетін сияқты. Сондықтан наразылықтың мәдени түрі біріккен өкілдікті таратудың тәсілі деп те айтуға болады.

Жалпы жоғарыда аталған наразылық түрлері белгілі бір қоғам мен құрылымның оң немесе теріс дамуына ықпал жасайды. Наразылық әрекеттерінің мәні мен мазмұнын мәселенің көлемі, ырғағы және серпінділігінің жиынтығы құрайды. Кез келген наразылықтың қиратушылығымен қатар, оның жасампаздық белгілері де бар. Өйткені, наразылық азаматтардың саяси, әлеуметтік, мәдени бағдарлануы мен ұстанымдарына жаңа ойлар беріп, пікірі ортақ азаматтардың ынтымақтастығын арттырады.

Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстандағы наразылық әлеуеті: ерекшеліктері, факторлары және трендтері» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант АР 08857524.

Әдебиеттер

- Angelis-Dimakis, D. (2020). "Land tenure structures and social protest in the Greek countryside during the first third of the 20th century." *Balkanistic Forum*, 1, 15-27.
- Arian, O. (2014). "What do facts have to do with the summer 2011 protests? – Structuring reality." *Israel Affairs*, 20(4), 613-631.
- Buur, L., Pedersen, R. H., Nystrand, M. J., Macuane, J. J., & Jacob, T. (2020). "The politics of natural resource investments and rights in Africa: A theoretical approach." *Extractive Industries and Society*, 7(3), 918-930.

- Christensen, B., & Groshek, J. (2020). "Emerging media, political protests, and government repression in autocracies and democracies from 1995 to 2012." *International Communication Gazette*, 82(8), 685-704.
- Dahlum, S., & Wig, T. (2021). "Chaos on campus: Universities and mass political protest." *Comparative Political Studies*, 54(1), 3-32.
- De Wilde, E. J., & Lester, D. (2002). "Social protests and rates of personal violence in The Netherlands." *Archives of Suicide Research*, 6(3), 249-255.
- Fiddler, A. (2018). *The art of resistance: Cultural protest against the austrian far right in the early twenty-first century*. Berghahn Books. 214 p.
- Galustov, K. A. (2016). "Spatiotemporal models of the influence of environmental and eco-cultural protest on the use of urban space at the example of Leningrad-St. Petersburg." *Vestnik Sankt-Peterburgskogo Universiteta, Seriya Geologiya i Geografiya*, 2016(3), 163-176.
- Gavrilov, S. D., & Makarenko, K. M. (2020). "Character of protest political mobilization in the regional public space of Volgograd Region." *Vestnik Volgogradskogo Gosudarstvennogo Universiteta, Seriya 4: Istorii, Regionovedenie, Mezhdunarodnye Otnosheniia*, 25(3), 192-203.
- Geise, S., Panke, D., & Heck, A. (2021). "Still images-moving people? How media images of protest issues and movements influence participatory intentions." *International Journal of Press/Politics*, 26(1), 92-118.
- Gonzalez, R., & Morán, C. L. F. (2020). "The 2019–2020 Chilean protests: A first look at their causes and participants." *International Journal of Sociology*, 50(3), 227-235.
- Goshorn, K. (1993). "Social activism, aesthetic license, and cultural protest." *Journal of Arts Management Law and Society*, 23(2), 93-109.
- Grigoryan, A. (2019). "Armenia's path to democratization by recursive mass protests." *Caucasus Survey*, 7(2), 157-175.
- Gualda, E. (2017). "Spanish general elections, microdiscourses around #20D and social mobilisation on twitter: Reality or appearance?" *Advances in Intelligent Systems and Computing*, 503, 67-77.
- Haenfler, R. (2004). "Collective identity in the straight edge movement: How diffuse movements foster commitment, encourage individualized participation, and promote cultural change." *Sociological Quarterly*, 45(4), 785-805.
- Hitman, G. (2020). "Rethinking social protest movements' theorization: Lessons from Egypt, Burkina Faso and Bolivia." *Trames*, 24(1), 95-112.
- Ilichuk, Y. (2017). "Hearing the voice of Donbas: art and literature as forms of cultural protest during war." *Nationalities Papers*, 45(2), 256-273.
- Ilikova, L. E., & Svirina, A. (2020). "Social protests in 2011: International perspective and information access." *International Journal of Criminology and Sociology*, 9, 994-999.
- Jenkins, J. S., & Klandermans B. (1995). *The politics of protest. Comparative perspectives on state and social movements*. University of Minnesota Press; UCL Press.
- Lindholm, A. (2020). "Does subjective well-being affect political participation?" *Swiss Journal of Sociology*, 46(3), 467-488.
- Liu, J., Modrek, S., & Sieverding, M. (2019). "The effects of political protests on youth human capital and well-being in Egypt." *Social Science & Medicine*, 243, 112602.
- Löwy, M. (2013). "William Morris, romantique révolutionnaire". *Multitudes*, 55(4), 129-133.
- Macedo, S. (2012). "Liberal civic education and religious fundamentalism: The case of God v. John Rawls?" *Raisons Politiques*, 47(3), 149-188.
- Marín, J. J., Pardo, É. P. P., & Camacho, D. M. (2020). "The civic strike of 2017 in Buenaventura, Colombia. Social protest and transformation of political power." *Analisis Politico*, 33(98), 136-166.
- Marino, M., Donni, P. L., Bavetta, S., & Cellini, M. (2020). "The democratization process: An empirical appraisal of the role of political protest." *European Journal of Political Economy*, 63, 101881.
- Martin, G. (2015). *Understanding Social Movements*. Taylor and Francis Inc. 306 p.
- McGuire, G. (2018). "Aqyn agha? Abai Zholy as socialist realism and as literary history." *Journal of Eurasian Studies*, 9(1), 2-11.
- Melese, F. (2020). "Cost-benefit analysis of bid protests: A representative bidder model." *Defence and Peace Economics*, 31(5), 502-516.
- Minchenia, A. (2020). "Belarusian professional protesters in the structure of democracy promotion enacting politics, reinforcing divisions." *Conflict and Society*, 6(1), 218-235.
- Muñoz-Portillo, J. (2020). "Austerity, ideological compromise, and a proactive-particularist assembly in Costa Rica, in 2019." *Revista de Ciencia Política*, 40(2), 259-285.
- Mutibwa, D. H. *Cultural protest in journalism, documentary films and the arts*. Routledge. 224 p.
- Oleinik, A. N. (2013). "Mass protests in the context of the Russian power regime." *Russian Social Science Review*, 54(3), 90-100.
- Petermann, S. (2020). "Personal and social resources as incentives for local political protest." *Sociological Quarterly*, 61(4), 611-630.
- Piechota, G., Rajczyk, R., Lytvynenko, V., & Grydchyna, V. (2020). "The type of participation in socio-political protests as a function of political activation in the era of social media." *Romanian Journal of Political Science*, 20(1), 188-214.

- Ruijgrok, K. (2017). "From the web to the streets: Internet and protests under authoritarian regimes." *Democratization*, 24(3), 498-520.
- Ryan, M. (2019). *Body politics: Disease, desire, and the family*. Taylor and Francis. 289 p.
- Soh, W.Y. (2020). "Digital protest in Singapore: The pragmatics of political Internet memes." *Media, Culture and Society*, 42(7-8), 1115-1132.
- Suman, A.B., Schade, S., & Abe, Y. (2020). "Exploring legitimization strategies for contested uses of citizen-generated data for policy." *Journal of Human Rights and the Environment*, 11(3 Special Issue), 74-102.
- Swan, R.T. (2018). "Orénoque as a book of cultural protest: Fautrier's brutal etchings camouflaged by Ganzo's poetic river." *Konsthistorisk Tidskrift*, 87(4), 193-213.
- Titov, V.V. (2020). "Strategies of youth social protest on the Russian Internet (RuNet): A comparative analysis of generations Y and Z." *Monitoring Obshchestvennogo Mneniya: Ekonomicheskie i Sotsial'nye Peremeny*, 3, 139-158. [Titov V. V. (2020). "Strategies of youth social protest in the Russian Internet (RuNet): a comparative analysis of generations Y and Z." *Monitoring public Opinion: Economic and Social Changes*, 3, 139-158.]
- Tong, J. (2018a). "Mass protests in China (I): Provincial and local reports." *Chinese Law & Government*, 50(5), 321-326.
- Tong, J. (2018b). "Mass protests in China (II): Types of protests." *Chinese Law & Government*, 50(6), 369-375.
- Tournadre, J. (2020). "Between boredom, protest, and community: Ethnography of young activists in a South African township." *Journal of Contemporary Ethnography*, 49(3), 318-344.
- Wei, K., Lin, Y.-R., & Yan, M. (2020). "Examining protest as an intervention to reduce online prejudice: A case study of prejudice against immigrants." 29th International World Wide Web Conference, WWW 2020, Taipei, Taiwan, 20-24 April 2020. 160505.